



Бастауыш білімнің бағдаршамын жаққан

Адам баласының бойында Абай атамыз айтқандай «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің» болуы өмір сүрудің басты заңдылығы болса, осы үш қасиетті шәкірттерінің бойына сіңіру ұстаздардың бұлжымас міндеті екені даусыз. Ардақты ұстаз, мектеп басшысы ретінде Жеңіс Шанақызы өз әріптестерінен осы қағиданы берік ұстануды талап етіп отырды.

Екібастұз өңірінің білім беру жүйесін дамытып, әсіресе, қазақ балаларын тәрбиелеуге өз үлестерін қоса білетін ұстаз тәрбиелеу мәселесі туындағанда, ойланбастан Екібастұз педагогикалық училищесіне барып, онда 1978-1996 жылдары ұстаз, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директор қызметтерін атқарды.

Халқымыз «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп өз ортасына сыйлы, елалдында беделді тұлғалар жайлы айтса керек. Кез келген адамның рухын көтеретін, мерейін тасытатын осынау жылы сөзді әрі ұстаз, әрі басшы бола білген Жеңіс Шанақызына

арнасақ, жерлестері, әріптестері де мұны толық құптайтынына көміл сенеміз. Өйткені ол өзінің барлық күш-жігерін, білімін, ұйымдастырушылық қабілетін Екібастұз өңірінің білім саласының жандануына, рухани өсуіне арнағаны аян.

1981-1983 жылдары педагогикалық училищеде бастауыш сынып мұғаліміне қажетті біліммен сусындағанында, балалар әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстазым Жеңіс Шанақызының әсерлі әр сабағы тәрбиеге байланысты әңгімеден басталатын. Училищедегі студенттер арасындағы ғылыми-практикалық конференциялар мен сыныптан тыс шаралар Жеңіс Шанақызының тікелей басшылығымен, белсенділігімен өтетіні шәкірттерінің есінде.

**Айман Жүсіпова,
Екібастұз педагогикалық училищесінде
білім алған шәкірті**



Училищедегі жұмыс кезі

Жүрекжарды

**Қымбатты
Жеңіс Шанақызын
мерейлі
мерекесімен
құттықтаймыз!**



Ардақты досымыз Жеңісті 50 жылдан астам уақыттан - студенттік өмірден бері білеміз, оның адами қасиетін, ақыл-парасатын, дархан көңілін, әділдігін мақтан етеміз.

Ол - парасатты ұстаз, еңбек жолының ең жұлдызды шағын ұрпаққа білім нәрін беріп тәрбиелеуге, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға, мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеруге, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға арнап келеді.

Мерейтой құтты болсын,
Денсаулығың мықты болсын!
Жолдасың Нұрланмен бақытты өмір сүріп,
Жүрегіңіз қуаныш пен нұрға толсын!

Ақ тілекпен: Ержановтар

